

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАТТАМА

29.04.2022 ж. №5

Шымкент қ.

Іс-шара түрі: Университеттің академиялық кеңесінің мәжілісі

Төрайым - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Исабек Б.Қ.

Хатшы Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы. Айтбаева А.Е.

Қатысқандар: қатысу парағы бойынша

Академиялық кеңес төрағасы, Исабек Б.Қ.: Қайырлы күн, құрметті академиялық кеңес мүшелері, әріптестер! Бүгінгі академиялық кеңес мәжілісінің күн тәртібінде төрт негізгі және әртүрлі мәселелер қаралады. Күн тәртібіндегі негізгі сұрақ үшін регламент 10-20 минут, әртүрлі мәселе бойынша 3-5 минутқа дейін деп белгіленеді. Пікір айтушылар үшін 2-3 минутқа дейін уақыт беріледі. Регламентпен келісетін болсаңыздар, құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітуді дауысқа саламын. №5 Академиялық кеңес мәжілісінің

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қалалық білім беру мекемелерімен тәжірибе алмасу үшін апталық өткізу туралы

Спикер: Факультет декандары

2. Көктемгі семестрде өтетін пәндердің қорытынды бақылау түрлерін талқылау және бекіту.

Спикер: Тіркеу бөлімінің басшысы Мамаев Қайрат Серикбаевич

3. Кафедралардағы кешенді емтиханға қажетті құжаттардың даярлығы туралы, дипломдық, курстық жұмыстардың орындалу барысы туралы

Спикер: Кафедра меңгерушілері

4. 2022-2023 оқу жылы үшін ББ және бірлескен ББ қарау . кафедрада оқытылатын пәндер тізімін бекіту

Спикер: Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы Бердалиев Даулетбай Турдалиевич

5. 2021-2022 оқу жылына жоспарлаған оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалу барысы

Спикер: Факультеттердің оқу-әдістемелік кеңесінің төрағалары

6. Әр түрлі мәселелер

1. Университет профессор-оқытушыларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары жайлы

Спикер: Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы Айтбаева Айгуль Ергеновна

1. Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жылдық мерейтойына арналған оқу-әдістемелік апталық есебі.

ТЫҢДАЛДЫ:

СӘУЛЕМБАЕВ А.: Жаратылыстану факультеті, «География» кафедрасы ұйымдастырған. Білім беру бағдарламалары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Кафедра меңгерушісі модератор болды. «Химия» кафедрасының ұйымдастыруымен аралас форматтағы оқыту бойынша «Аралас оқыту жағдайындағы жаңа әдіс- тәсілдер» атты семинар өткізілді. Магистрант оқытушылар сабақ беру барысында Назарбаев мектебінің оқытшыларымен пікір алмасты. География кафедрасының ұйымдастыруымен мектеп мұғалімдері, студенттер қатысуымен «Жаңа форматтағы ББ мазмұнын студенттер, түлектер және жұмыс берушілермен талқылау» онлайн семинар өтті.

Биология кафедрасының ұйымдастыруымен білім беру бағдарламалары бойынша «Жаңартылған білім беру аясында білім мазмұнын жаңарту және оқытудың тиімділігін арттыру жолдары» атты әдістемелік семинар өтті. Семинарға Назарбаев мектебі, М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты қатысты. Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жылдық мерейтойына арналған жаратылыстану факультетінің ұйымдастыруымен факультет студенттері арасында сайыс өткізілді.

ИБАШОВА А.: Физика-математика факультеті апталықтың жоспары бойынша жұмыс жасадық. Жоспарда: Білім беру бағдарламасын жұмыс берушілермен талқылып, заманауи педагог даярлаудың алғышарттарын жасау; Университет миссиясына, білім беру бағдарламасына сай жан жақты ізденімпаз азамат, білікті маман даярлаудың күзiреттiлiгiн талқылау; Болашақ математика, физика және информатика мұғалімінің заманауи технологиялармен қаруландырып, оқушыларға сапалы білім беруге қажетті пәндерді анықтау мәселелері болды. Оқу-әдістемелік апталық аясында өткізілген “6B01503-Информатика мұғалімін даярлау”, “6B01501 Математика мұғалімін даярлау”, 6B01502 - Физика мұғалімін даярлау” білім беру бағдарламалары аясында жұмыс берушілермен кездесу өтті. Семинар нәтижесінде жұмыс берушілер студенттердің волонтерлік қозғалысын оқушыларға мектептегі STEAM лабораторияларында информатикадан ғылыми жобалар және олимпиадаға дайындық арқылы шығармашылық қабілеттерін қалыптсыруға көмктесуге ұсыныс жасады. Оқу-әдістемелік апталық аясында “6B01501 - Математика мұғалімін даярлау” білім беру бағдарламасына «Олимпиадалық есептер шығару» пәнін міндетті етіп енгізу ұсынылды.

ОРАЗБАЕВА Э.: Филология факультетіне қарасты кафедралардың ұйымдастыруларымен жұмыс берушілермен семинарлар ұйымдастырылып, Шымкент қаласы А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші Жамурова Гулнур «Қазақ әдебиетін оқытуда аудиохрестоматияны қолдану» тақырыбында авторлық видео көрсетті. Білім беру бағдарламаларын талқылау аясында өткен семинар өз мақсатына жетті. пәндер ұсынылды.

Таутаева Г.Б.: Тарих және педагогика факультетінде апталыққа байланыста 4 семинар ұйымдастырылды. А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына Бастауышта оқыту кафедрасымен «Ұлт ұстазы» шығармашылық кеш ұйымдастырылды. Педагогика кафедрасының ұйымдастыруымен «Академиялық және әлеуметтік-эмоционалды оқытудың ықпалдастығы» тақырыптағы әдістемелік семинарда «Жоғары білім мазмұнындағы тәрбиелік компонентті күшейту» мәселесі жан-жақты талқыланды. «Нәтижеге бағытталған білім беру арқылы бәсекеге қабілетті құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыру» тақырыбында ғылыми-әдістемелік семинар өтті. Атап айтқанда: «Педагог тұлғасы және оның кәсіби құзіреттілігі» атты оқу-әдістемелік семинар өтті. «Проблема индивидуального творчества преподавателя в условиях унификации и цифровизации современного образования», «XXI ғасыр мұғалімінің кәсіби құзіреттілігі», Қ.Спатаев атындағы «Педагог-психологтың тұлғасы және оның кәсіби құзіреттілігі» тақыптарында баяндамалар жасады.

БАЙБАТШАЕВА А.: Өнер және білім факультетінде апталықтың іс-шаралары жоспар бойынша өткізілді. «Өнер және білім» факультетінің оқу-әдістемелік апталық бағдарламасына сәйкес «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасында дайындалатын білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс берушілермен семинар өтті. Кездесудің мақсаты қазіргі мектеп жағдайында болып жатқан өзгерістерді ЖОО-ның білім беру бағдарламасымен байланыстырып, көркем еңбек бағытындағы болашақ маманның білім сапасын арттыру. Осыған орай «6B01404 – Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасында оқытылатын пәндердің мазмұнын қайта қарастырып, оларды қоғам сұранысына сәйкес бағыттау. Ең керекті пәндерді дизайн және технология, зергерлік бұйымдар пәндерін күрделендірсе деген ой айтылды. Музыкалық білім кафедрасының оқытушыларымен бірлесе отырып «Ұлы тұлға» атты іс-шара өтті.

ТҰРЫСҚҰЛОВ Ө.: Дене шынықтыру және спорт факультеті «Дене тәрбиесі мен бастапқы әскери дайындық» кафедрасы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жылдық мерейтойына арналған оқу-әдістемелік апталық аясында факультеттің оқытушы профессорлары мен 6В01402 –дене шынықтыру мұғалімін даярлау, 6В1401-бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау мамандығының студенттерімен бірлесе отырып ғылыми-әдістемелік семинар өтті. Дене тәрбиесі мен бастапқы әскери дайындық кафедрасы «Дене шынықтыру және спорт педагогін даярлау» атты білім беру бағдарламасының сапасын арттыру мақсатында жұмыс берушілермен кездесу өткізді. 6В1401-бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау ББ бойынша төрт пән енгізілгені туралы айтылды. ББ бағдарламасына енгізілген пәндердің барлығы қаламыздағы № 7 Қ.Спатаев атындағы лицей мектебі, Н.Төреқұлов атындағы № 62 жалпы орта мектебі және де № 72 жалпы білім беретін орта мектебі, Б.Саттарханов атындағы жасөспірімдер спорт мектебі ұжымдарымен келісе отырылып жоба жасалынды.

1 ШЕШІМ:

1. Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жылдық мерейтойына арналған оқу-әдістемелік апталық есебі назарға алынсын.

2. Көктемгі семестрде өтетін пәндердің қорытынды бақылау түрлерін талқылау және бекіту

ТЫНДАЛДЫ:

Мамаев Қайрат Серикбаевич: 2021-2022 оқу жылының екінші жартыжылдығы емтихан сессиясындағы емтихан түрлері туралы мәлімет

Факультеті	Бақылау саны	Бақылау түрі				
		жазбаша	тест	ауызша	шығармашылық	дифф. сынақ
Филология факультеті	610	122	251	183	0	54
Жаратылыстану факультеті	216	102	100	4	0	10
Дене шынықтыру және спорт	259	75	149	1	32	2
Өнер және білім	167	20	49	7	74	17
Физика-математика	287	180	90	0	0	17
Тарих және педагогика	415	218	157	1	1	38
Күндізгі оқу нысаны бойынша:	1954	717	796	196	107	138
Кешкі оқу нысаны бойынша	14	8	1	5	0	0
Барлығы:	1968	725	797	201	107	138

	Жалпы саны	жазбаша	тест	ауызша	шығармашылық	дифф. сынақ
Күндізгі оқу нысаны	1954	717	796	196	107	138
%	100,00%	36,69%	40,74%	10,03%	5,48%	7,06%
Кешкі оқу нысаны	14	8	1	5	0	

%	100,00%	57,14%	7,14%	35,71%	0,00%	
	1968	725	797	201	107	

ОҚМПУ Ғылыми кеңесінің шешімімен 6В01402-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша 1402-61 тобының - 2, 1402-51 тобының - 2, 1402-71 тобының - 2, 1402-11-2 тобының -3, 1402-11-6 тобының - 3, 1402-11-5 тобының - 2,1402-11-7 тобының - 1, 1402-11-11 тобының 18 студентіне 39 жазбаша қосымша жоспарланды.

2021-2022 оқу жылында оқу үрдісіне қатысты туындаған бірқатар мәселелер

1. Бірқатар кафедра тарапынан семестрдің басында пән оқытушылары вакансия ретінде ұсынылуы және семестр барысында пән оқытушылары құрамдарына өзгерістердің болуы.
2. Оқу жылында жаңадан қызметке қабылданған және зейнет жасындағы оқытушы-профессорлардың Univer 2.0 жүйесінде студенттерді академиялық күнтізбедегі көрсетілген мерзімге бағаламаулары.
3. Бірқатар оқытушы-профессорлардың жеке жүктемелерінде бірінші жартыжылдықта немесе екінші жартыжылдықта оқу пәндерінің шамадан тыс артық жоспарлануына байланысты Univer жүйесіне бағаның мерзімінде қойылмауы.
4. Студенттердің Univer жүйесінде силлабустағы бағалау жүйесіне сай жүйелі түрде бағаланбаулары.
5. Бірінші курс студенттеріне факультет деканаттары тарапынан ағымдық, межелік бақылауларды, аралық аттестаттауларды тапсыру бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу деңгейінің төмендігі.
6. Семестр барысында сабаққа себепсіз қатыспаған студенттердің пән оқытушылары және деканат тарапынан мерзімінде қадағаланбауы.
7. Студенттердің бітіруші курсқа дейін курстан-курсқа пән қарыздарымен көшірілуі.
- 8.«Орда» университетінің жабылуына байланысты ауысып келген студенттердің оқу белсенділіктерінің төмендігі.
- 9.Univer 2.0 жүйесіндегі пәннің оқу-әдістемелік кешендеріне мәліметтің толық енгізілмеуі.
- 10.Емтихан нәтижесі бойынша студенттер тарапынан апелляциялық өтініштердің мерзімінде берілмеуі және апелляциялық комиссиялардың белсенді жұмыс істемеуі.
- 11.Тестілеу емтихандарында «FX» бағасын алған студенттер санының артуына байланысты емтихандарды қайта тапсыруларды ұйымдастыруда қиындықтардың туындауы.
12. Ақылы негізде оқитын студенттердің 10%-ының емтихан сессиясынан кейін оқудан өз еріктерімен шығуы.

Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы Бердалиев Даулетбай Турдалиевич: Шетел тілі және орыс тілі пәндерінен емтихан ауызша түрде комиссиямен қабылданған дұрыс. Емтихан билеттерінде теориялық материалдарды меңгертуге арналған сұрақтармен қатар пәнді игеруде машықтануға арналған тапсырмалардың түрлері, жаттығу жұмыстары, морфологиялық талдау жүйесі т.б. тапсырмалар деңгейлеп берілуі керек. Бұл студенттерді өз бетінше ізденуге жол ашады, қажетті материалдарды тереңірек меңгеруге бағыттайды. Жалпы білім беретін жаңартылған мазмұнда оқып үйренуге және рухани жаңғырудың жалпыұлттық идеясы шеңберінде студенттердің әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыруға бағыттайды. Жоғары біліктілік деңгейіне сәйкес сөйлеу әрекетінің барлық түрлері бойынша коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру арқылы әлеуметтік, мәдениетаралық, кәсіби және қарым-қатынас құралы ретінде тілдерді сапалы меңгеруді қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

2.ШЕШІМ:

1 2021-2022 оқу жылындағы күндізгі және кешкі оқу түрі бойынша білім алушылардың көктемгі сессияда өтілетін пәндердің қорытынды бақылау түрлері әр пәннің ерекшелігі ескеріліп, әр түрлі формада (тест, ауызша, жазбаша, шығармашылық) болуын қадағалау факультет декандарына және кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

2.Шетел тілі және орыс тілі пәндерінен емтихан ауызша түрде комиссиямен қабылдансын.

3. Кафедралардағы кешенді емтиханға қажетті құжаттардың даярлығы туралы, дипломдық, курстық жұмыстардың, видеолекциялардың орындалу барысы туралы ТЫҢДАЛДЫ:

Айтбаева: Диплом алды практика оқу жоспарына сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) орындайтын барлық білім беру бағдарламаларының (мамандықтардың) білім алушылары үшін 28.03.22-22.04.22. аралығында ұйымдастырылды. Дипломалды практика базалары диплом жұмысының тақырыбына сәйкес анықталады және оны дипломдық жұмыс жетекшісі жүзеге асырады.

Диплом алды практиканың негізгі міндеттері:

- 1) дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бойынша практикалық материалдарды жинақтау, өңдеу және жалпылау;
- 2) дипломдық зерттеудің тақырыбы бойынша статистикалық мәліметтері мен практикалық материалдарды талдау;
- 3) дипломдық жұмыстың (жобаның) немесе есептің тақырыбы бойынша қорытындыны, заңдылықтарды, кепілдемелер мен ұсыныстарды тұжырымдау;
- 4) дипломдық жұмысты немесе есепті білгіленген талаптарға сәйкес рәсімдеу болып табылады.

Диплом алды практиканың қорытындылары арнайы кафедра ұйымдастыратын дипломдық жұмысты (жобасын) алдын ала қорғауда қорытындыланады. Дипломдық жұмысты (жобасын) алдын ала қорғау кафедра отырысында өткізіледі және хаттамамен рәсімделеді.

Диплом алды практика базасы диплом жұмысының тақырыбына сәйкес анықталады оны ғылыми жетекшісі жүзеге асырады.

3. ШЕШІМ:

1. Дипломдық жұмыстарын антиплагиаттан өткізу жұмыстарын қадағалау кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

4. 2020-2021 оқу жылына жоспарлаған оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалу барысы.

ТЫҢДАЛДЫ:

4. ШЕШІМ:

Арыстанова Шолпан Сәбитовна: «Өнер және білім» факультетінің 2021-2022 оқу жылына жоспарлаған оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалу барысы: Факультет бойынша 2021-2022 оқу жылының мамыр айына дейін 13-ашық сабақтар және 34 өзара сабақ жоспар бойынша өткізілді. 7 оқу-әдістемелік семинар және 1 жоспардан тыс өтті. Оқытушы-профессорлардың оқу-әдістемелік жұмыстарының орындалуы – 9 оқу құралы, 3- оқу-әдістемелік нұсқау.

Тайтелиева Майра Абдикаимовна: Филология факультетіне қарасты оқытушы-профессорлар құрамының дайындалған оқу-әдістемелік жұмыстарының саны – 3- оқу құралы, 10-оқу-әдістемелік құрал, 6- оқу-әдістемелік нұсқау.

Битимирова Алия Еркегуловна: Жаратылыстану факультетіне қарасты оқытушы-профессорлар құрамының дайындалған оқу-әдістемелік жұмыстарының саны – 4- оқу құралы, 1-Электрондық оқу құралы, 10-оқу-әдістемелік құрал, 7- оқу-әдістемелік нұсқау.

Айдарбеков Копжасар Джасузакович: Дене шынықтыру және спорт факультет бойынша 2021-2022 оқу жылының 7-ашық сабақтар жоспар бойынша өткізілді. 5 оқу-әдістемелік семинар өтті. Оқытушы-профессорлардың оқу-әдістемелік жұмыстарының орындалуы – 1 оқу құралы, 2- оқу-әдістемелік нұсқау.

Зауре Бекеновна Куанышбаева: Тарих және педагогика факультетіне қарасты оқытушы-профессорлар құрамының дайындалған оқу-әдістемелік жұмыстарының саны– 5- оқу құралы, 2- Электрондық оқу құралы, 13-оқу-әдістемелік құрал, 3- оқу-әдістемелік нұсқау.

Эльмира Кожобекова: Физика-математика факультет бойынша 2021-2022 оқу жылының 10-ашық сабақтар және 21 өзара сабақ жоспар бойынша өткізілді. 10 оқу-әдістемелік семинар өтті.

Оқытушы-профессорлардың оқу-әдістемелік жұмыстарының орындалуы –8-оқу-әдістемелік құрал, 2- оқу-әдістемелік нұсқау.

4. ШЕШІМ: факультеттердің оқу-әдістемелік жұмыстарға жауаптылардың мәліметі есепке алынсын

5. 2022-2023 оқу жылында кафедрада оқытылатын пәндер тізімін бекіту

ТЫҢДАЛДЫ:

Айтбаева А.Е.: 2022-2023 оқу жылында кафедрада оқытылатын пәндер тізімі 20 кафедрадан жинақталды. Пәндер бойынша қорытынды бақылау түрлері, яғни емтихан түрі көрсетілген.

2022-2023 оқу жылында кафедраларда жүргізілетін пәндер саны

р/с.	Кафедра атауы	Кафедра оқытатын пәндер саны				Күзгі семестр	Көктемгі семестр
		МК	ЖОО	ТК	БАРЛЫҒЫ		
1	Математика		14	10	24	20	10
2	Физика	-	21	3	24	15	9
3	Информатика	1	18	30	49	35	14
4	Химия				77		
5	Биология	-	25	31	56	35	21
6	География				50	36	14
7	Бастауышта оқыту әдістемесі	2	19	3	24		
8	Мектепке дейінгі тәрбие және арнайы педагогика	3	49	14	65	36	31
9	Педагогика	-	13	12	25	16	9
10	Психология		14	12	26	17	9
11	Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер	5	-	2	7	6	6
12	Әлем тарихы және дінтану	-	15	19	34	23	16
13	Қазақ тілі және әдебиеті	1	19	26	46	32	14
14	Орыс тілі және әдебиеті						
15	Ағылшын тілі						
16	Шетел тілдері	1	-	1	2	1	2
17	Музыкалық білім		11	31	42	27	15
18	Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері	-	18	56	74	44	30
19	Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі	1	2	25	28	21	7
20	Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру	1	14	12	27	18	9
	Жалпы						

5. ШЕШІМ:

2022-2023 оқу жылында кафедрада оқытылатын пәндер тізімі мен қорытынды бақылау түрі бекітілсін.

6. Университет профессор-оқытушыларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары

ТЫНДАЛДЫ:

Төрайым: Университет профессор-оқытушыларының оқу құралдарын баспаға ұсыну туралы ұсыныс келіп түсті. Баспадан шығарылатын оқу және оқу-әдістемелік құралдары кафедрада оқытылатын пәндерге сәйкес болу керек.

СӨЗ АЛДЫ: Айтбаева А.Е.: Университет профессор-оқытушыларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдарының құжаттары талапқа сай дайындалған. Барлық оқу-әдістемелік құралдарға факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінен, кафедраның мәжілісінен көшірмелер дайындалған. Сыртқы, ішкі пікірлері бар. Университет профессор-оқытушыларының баспадан шығаруға ұсынылған оқу, оқу-әдістемелік құралдарының тізімі:

1. Г. Б. Маханова «История зарубежной литературы. Практикум» атты оқу-әдістемелік құрал. 124 бет. Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы ОҚУ, ф.ғ.к., доцент А.А. Джунисова; ОҚМПУ, орыс тілі және әдебиеті кафедрасы ф.ғ.д., профессор Г.Б. Маханова және ф.ғ.к., доцент У.К. Абдыханов

2. Сартбаева Г.М. «Энтомология» Оқу құралы. 88 бет. Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы ОҚУ б.ғ.к., Абилдаева Р; ОҚМПУ б.ғ.к., доцент Н.М. Байсеитова және а.ш.ғ.к. А.Е. Айтбаева.

3. Л.А. Сулейменова, К. Құлжатаева 1- курс докторанты М.Ә.Сейсенбек «Programming languages: Python» зертханалық жұмыстарды орындауға арналған оқу-әдістемелік құрал. Көлемі 5 баспа табақ. Бұл «Programming languages: Python» пәніне арналған оқу-әдістемелік құрал лабораториялық жинақтан тұрады. Пән 6 кредиттен тұрады. Пән ағылшын тілінде жүргізіледі. Пікір бергендер:

ОҚМПУ, «Информатика» кафедрасының профессоры, п.ғ.к. Нурмуханбетова Г.К. және М.Әуезов атындағы ОҚУ «Информатика» кафедрасының доценті, п.ғ.к. Аширбаева Ж.

4. Тәжітаева Р.С., Қылышбаев А.Д., Қуандық Н.Ж. «Саясаттану» Оқу құралы. 180 бет. Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы ОҚУ «Саясаттану» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент М.У.Жумабеков; ОҚМПУ-нің «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының доценті, т.ғ.к. А. Б. Есимова және «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к. Г.М.Сыздықова.

5. Тәжітаева Р.С., Қылышбаев А.Д., Қуандық Н.Ж. «Саясаттану» Электрондық оқу құралы. Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы ОҚУ «Саясаттану» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент М.У.Жумабеков; ОҚМПУ-нің «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының доценті, т.ғ.к. А. Б. Есимова және «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к. Г.М.Сыздықова.

6. Бегдаулетова Қ.Д., Мантаева Т.С. «Мәдениеттану» (Педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларына арналған оқу құрал). 124 бет. Пікір бергендер: Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының ф.ғ.к., профессор м.а. Қ.Б. Кемелбеков; ОҚМПУ-нің «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының ф.ғ.к., доценті А.Қ. Тұрашбеков және «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к. Г.М.Сыздықова.

7. А.Л.Бердыбекова «Организация предпринимательской деятельности» (Кәсіпкерлік іс - әрекетті ұйымдастыру). Оқу құралы. 100 бет. 6В01405 Құқық және экономика негіздері мұғалімін даярлау бойынша жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттары үшін жазылған. Пікір бергендер: М.Ауезов атындағы ОҚУ, «Басқару және бизнес» ЖМ деканың оқу ісі орынбасары - PhD докторы Б.С. Құлбай; ШУ «Бизнес және басқару» кафедрасының доценті. э.ғ.к. К.М.Калыкулов; ОҚМПУ «Стратегиялық жоспарлау, менеджмент және мониторинг» бөлімінің басшысы -соц.ғ.к. Тұрлыбекова А.А.

8. Д.Н.Байғұтова мен А.С.Пазылова «Қазіргі қазақ тілі синтаксисінен практикалық жұмыстар» оқу-әдістемелік құрал. Оқу-әдістемелік құралда практикалық 30 сағатқа арналған жаттығулар жұмысы және әр жаттығу соңында тақырыпқа сай іріктелген тест тапсырмалары берілген. Жаттығулар сабақ тақырыбына байланысты көркем мәтіндерден терілген, бұл оқу-әдістемелік құралды студенттер жұмыс дәптері ретінде де пайдалануларына болады. Онда

теориялық материалды меңгерту үшін үшін машықтануға арналған жаттығу жұмыстары, синтаксистік талдау жүйесі мен оның үлгісі көрсетілген. Оқу құралы 6 баспа табақты құрайды. Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы ОҚУ Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, ф.ғ.к. Тасболатов Б., ОҚМПУ аға оқытушылары Э.Оразбаева мен Ұ.Қайырбекова оң пікір білдірген.

9. Б.Қ.Омар «Қазақ тілінің морфологиясы:теориялық және практикалық сабақтар» оқу құралы. Оқу құралы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде 30 сағатқа арналған дәрістер кешені және әр дәріс соңында тақырыпқа сай іріктелген 15 тест тапсырмаларынан, екінші бөлімде практикалық сабақтар топтамасы берілген. Дәріс мәтіндерін дайындау үшін тілші-ғалымдардың ғылыми еңбектері, оқулықтары мен оқу құралдары, ондағы көзқарастар мен пікірлер, тұжырымдар негізге алынып, сілтемелер берілген. Оқу құралы 280 бетті құрайды. Пікір бергендер: ОҚМПУ қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к. доцент Д.Байғұтова мен аға оқытушы, ф.ғ.к.Ұ.Қайырбекова және ф.ғ.к. М.Әуезов атындағы ОҚУ аға оқытушысы Г.Танабаева оң пікір білдірген.

10. Халикова Г.С. «Адам анатомиясы» оқу құралы. Пікір бергендер: ОҚМПУ, а.ш.ғ.к Сартбаева Г.М және а.ш.ғ.к Есентуреева Г.; М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің доцент м.а. а.ш.ғ.к Алшынбаев О

11. А.Г.Курбанов: «Қазақ тілінің негіздері практикумы» оқу-әдістемелік құралы жоғарғы білім берудің білім беру бағдарламасының құрылымына сәйкес дайындалған. 164 бет. Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы ОҚУ Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, ф.ғ.к. Тасболатов Б., ОҚМПУ аға оқытушылары , ф.ғ.к. Г. Танабаев пен ф.ғ.к. Ұ.Қайырбекова

12. Р.Б.Қажиақбарова мен А.Айдарованың дайындаған «Қазақ тілі» пәнінен дайындаған оқу-әдістемелік құралы. 280 бет. В1 біліктілік деңгейіне сәйкес мазмұн қамтылған. Оқу-әдістемелік құралда берілген жаттығу жұмыстары студенттердің алған теориялық білімін практикамен ұштастыруына септігін тигізеді Пікір бергендер: ОҚМПУ, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, ф.ғ.к. А.Г.Курбанов, аға оқытушысы, ф.ғ.к. Ұ.Ж.Қайырбекова, сыртқы пікірді М.Ауезов атындағы ОҚУ доценті Л.Қ.Тұрабаева берген.

13. ф.ғ.к. Н.С.Халикова мен №55 жалпы орта білім беретін мектептің мұғалімі А.М.Тогусбаеваның «Эссе табиғаты және оны жазу әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралы. 112 бетті құрайды. Пікір бергендер: М.Ауезов атындағы ОҚУ доценті, ф.ғ.к. Ж.Қ. Әділбекова; ОҚМПУ қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к. доцент Д.Байғұтова, доцент, ф.ғ.к. Сапарбаева Қ.Ж.

14. Сапарбаева Қ.Ж. «Жоғары мектепте әдебиетті оқыту әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралы.112 бетті құрайды. Пікір бергендер: М.Ауезов атындағы ОҚУ доценті, ф.ғ.к. Ж.Қ. Әділбекова; ОҚМПУ, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, ф.ғ.к. Р.Б. Қажиақбарова, аға оқытушысы, ф.ғ.к. Н.С. Халикова.

15. У.К. Абдыханов «Тематика практических занятий по истории русской литературы XIX века» Оқу құралы. 88 бет. Пікір бергендер: М.Ауезов атындағы ОҚУ доценті, ф.ғ.к.А.А. Джунисова; ОҚМПУ, орыс тілі және әдебиеті кафедрасының ф.ғ.к., доцент Г.Б. Маханова және ф.ғ.к. Е.С. Мезенцева.

16. Ғ.К. Орманова., Б.С.Уалиханова, Э.К.Қожабекова дайындаған «Астрономия» атты оқу оқу-әдістемелік құралы. 80 бетті құрайды Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы ОҚУ дың ф-м.ғ.к., аға оқытушы, Саидахметов және ф-м.ғ.к., аға оқытушы Қабылбеков К.А., ОҚМПУ, - м.ғ.к., аға оқытушы Б.Қ. Рахашев

17. А.К. Оралбекова, М.П. Сарман «Бастауқыш сыныптар үшін өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі» Оқу құралы. 220 бет. Пікір бергендер: Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Ф.С. Серикбава; ОҚМПУ, педагогика кафедрасының п.ғ.д., профессор А.Ш. Досбенбетова және п.ғ.к. Л.П. Әбішева.

18. Н.М. Шарапова, Ш.Ж. Арзымбетова «Педагогикалық мамандыққа кіріспе» атты оқу-әдістемелік құралы. 104 бетті құрайды Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы ОҚУ дың п.ғ.д., профессорС.А.Жолдасбекова; ОҚМПУ, педагогика кафедрасының PhD, аға оқытушысы А.С.Ортаева және п.ғ.к. Л.П. Әбішева.

19. Г.Ж.Өтен «Мәңгілік ел» оқу-әдістемелік құралы. 96 бетті құрайды. Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы ОҚУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы т.ғ.к Ж.И.Мулдахметова; ОҚМПУ Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы т.ғ.к Д.М.Бекманова және с.ғ.к., доцент Тажитаева Р.С.

20. А.Н.Жорабекова Innovative forms and methods of lesson organization at university оқу құралы. 120 бетті құрайды. Пікір бергендер: К.ф.н, старший преподаватель кафедры «Педагогика» Шымкентского университета М.Л.Дуйсенбекова; К.ф.н., доцент кафедры «Английский язык» ЮКГПУ М.Ю.Шингараева, Доктор философии (PhD) старший преподаватель кафедры «Английский язык» ЮКПГУ М.М.Дуйсенова

21. Айнабекова Т.А., Абдукаримова А.А., Мамырбекова Б.С Deuthche Literatur in Theorie und Praxis» оқу құралы . 204 бетті құрайды. Пікір бергендер: ОҚМПУ ағылшын тілі кафедрасының қауымдастырылған профессоры профессоры, PhD Жорабекова А.Н.; М.Сапарбаев атындағы ОАИУ, филология кафедрасы, ф.ғ.к., аға оқытушы Бакирова Ш.А.

22. Әліпбек Ардақ Зәуірбекқызы., А.С.Усипбекованың дайындаған «Жеке тұлғаның педагогикалық-психологиялық диагностикасы» атты оқу құралы. 148 беттен (9,25 шартты баспа табақтан) тұрады. «Жеке тұлғаның педагогикалық-психологиялық диагностикасы» пәнінен лекция сабақтары бойынша теориялық материалдар мен әдістемелік бағыт-бағдар жан-жақты қамтылған. Сондай-ақ, ЖОО-дағы болашақ педагог-психологтарды даярлауда оларды жеке тұлғаның педагогикалық-психологиялық диагностикасы психология туралы арнайы және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Пікір бергендер: Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті, «Психология» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к. Қ.Е. Қойшиев Қ.Е.; М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Психология және арнайы педагогика» кафедрасының доценті, п.ғ.к. К.О. Джексенбаева және п.ғ.к., доцент А.М. Нұрбекова

23. Әліпбек Ардақ Зәуірбекқызы «Әлеуметтік психология» атты электронды оқу құралы, 100 Мегабайттан тұрады. «Әлеуметтік психология» пәнінен лекция сабақтары бойынша теориялық материалдар, семинар сабақтары бойынша тапсырмалар, студенттердің өзбетінше жұмысын орындауға арналған тапсырмалар, әдістемелік бағыт-бағдар жан-жақты қамтылған. Сондай-ақ, ЖОО-дағы болашақ педагог-психологтарды даярлауда оларды әлеуметтік психология туралы арнайы және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Пікір бергендер: Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті, «Психология» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к. Қ.Е. Қойшиев Қ.Е.; М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Заманауи педагогика және психология» кафедрасының профессоры, п.с.ғ.д. – Лекерова Гулсим Жанабегеновна және «Психология және арнайы педагогика» кафедрасының доценті, п.ғ.к. Нұрбекова Аида Муратбековна.

24. PhD М.С. Султанмұрат, Ж.Б. Бураева, п.ғ.к., доцент м.а. А.З. Әліпбектің «Английский язык» (Учебное пособие для студентов 1 курса всех специальностей) атты оқу құралы 292 беттен тұрды. 1 курс студенттері үшін қажеттілігі мен маңыздылығы бар, студенттердің ағылшын тіліне деген оқу ынтасы мен қызығушылығын арттыратын білім құралы болып табылады. Практикалық сабақтардың тапсырмалары бағдарламаға енген, сараптама жасалынған, талданған. Пікір бергендер: Қ. Жұбанов атындағы АӨУ, «шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының қауымдастырылған профессоры Б.Т. Керимбаева; Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ PhD А. Мейірбеков; ОҚМПУ «Ағылшын тілі» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к. Ғ.И. Сманова.

25. Баймусаева Б.Ш. «Русский язык» для студентов для студентов ОП: 6В01901 «Подготовка специалиста по специальной педагогике (Логопед)», ОП: 6В01201– «Дошкольное воспитание и обучение». 136 с. Дисциплина «Русский язык» является одной из основных в языковой подготовке специалистов дошкольной и специальной педагогики. Главной целью ее изучения является формирование и развитие у студентов коммуникативных навыков и умений в их профессиональной деятельности. Рецензенты: Ниетбайтеги К.А. – к.ф.н., доцент кафедры «Методика начального обучения» ЮКГПУ; Абуова Б.Ж. – к.п.н., старший преподаватель

- кафедры дошкольной и специальной педагогики ЮКГПУ; Аульбекова Ж.С. – к.ф.н., доцент кафедры практического русского языка для технических специальностей ЮКУ им. М.Ауезова.
- 26. Г.Т. Исабекованың «Мектептегі оқыту мен бағалау әдістері» атты оқу құралы (88 бет).** Оқу құралына пікір берушілер: 1) М.Әуезов атындағы ОҚУ «Музыкалық білім және көркем еңбек» кафедрасының доценті, п.ғ.к. С.С.Естемесова; 2) Ә.Қуатбаев атындағы Халықтар достығы университеті ҚР еңбек сіңірген жоғарғы мектеп қызметкері, профессор Ө.Губайдуллин; 3) ОҚМПУ «Өнер және білім» факультеті «Музыкалық білім» кафедрасы ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушысы Арыстанова Ш.С.
- 27. У.А.Байбатырова, С.Н.Кененбаевтың авторлығында «Дауыс қою негіздері» атты оқу құралы (84 бет).** Оқу құралына пікір берушілер: 1) М.Әуезов атындағы ОҚУ «Музыкалық білім және көркем еңбек» кафедрасының доценті, п.ғ.к. С.С.Естемесова; 2) Ә.Қуатпаев атындағы Халықтар достығы университеті ҚР еңбек сіңірген жоғарғы мектеп қызметкері, профессор Ө.Губайдуллин; 3) ОҚМПУ «Өнер және білім» факультеті «Музыкалық білім» кафедрасы ҚР Мәдениет саласының үздігі, магистр, аға оқытушысы Ш.С.Арыстанова.
- 28. Д.Қ. Пошаев, А.Қ. Рыскулов, А.Е. Байбатшаева, А.С. Узахованың авторлығымен дайындалған «Үй мәдениеті» атты оқу құралы (90 бет).** Оқу құралына пікір берушілер: 1) М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің PhD, қауымдастырылған профессоры Қ.Т. Мұсақұлов; 2) Мирас университеті «Көркем еңбек және дизайн» секторының менеджері. PhD докторы Ұ.Ж.Қонақбаева; 3) Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты Т.Ш. Маханов.
- 29. «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының п.ғ.к., Т.Ш.Махановтың «Металдар мен конструкциялық материалдардың технологиясы» атты оқу құралы (98 бет).** Оқу құралына пікір берушілер: 1) М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің доценті п.ғ.к. Г.А. Бакирова; 2) Мирас университеті «Көркем еңбек және дизайн» секторының менеджері. PhD докторы Ұ.Ж.Қонақбаева; 3) Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің п.ғ.к., доцент м.а. С.Н. Жаңбыршиев.
- 30. Н.Қ.Мынбаева, Ш.А.Битемированың «Тігін бұйымдарының технологиясы» атты оқу құралы (148 бет).** Оқу құралына пікір берушілер: 1) М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің PhD, қауымдастырылған профессоры Қ.Т. Мұсақұлов; 2) Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің п.ғ.к., доцент м.а. Жаңбыршиев С.Н.
- 31. Кемешев Д.А. авторлығымен дайындалған «Визуальды өнер» атты оқу құралы.** Оқу құралына пікір берушілер: 1) М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Көркем еңбек және музыкалық білім» кафедрасының п.ғ.к. Т.С.Бүркітбаев 2). М.Әуезов атындағы ОҚМУ филос.ғ.к., Д.С.Болысбаев 3) ОҚМПУ «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының п.ғ.к. С.Н.Жаңбыршиев».
- 32. М. Дүйсенбиев «Химияны оқыту әдістемесі» атты электронды оқу құралы.** Пікір бергендер: ОҚМПУ, х. ғ. к., доцент Шертаева Н.Т.; М.Әуезов атындағы ОҚУ х.ғ.д., профессор С.П. Назарбекова және т.ғ.к., доцент М.Н. Ермаханов.
- 33. п.ғ.к. Қойшиев Қалдан Елеувичтің ұсынып отырған «Даму психологиясы» атты 118 беттен (8 б.т.) тұратын оқу құралы «Даму психологиясы» пәнінен лекция сабақтары бойынша теориялық материалдар, ұсынылатын әдебиеттер және әдістемелік бағыт-бағдар жан-жақты қамтылған.** Пікір бергендер: Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті, «Психология» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент м.а. Әліпбек А.З., аға оқытушы, филос.ғ.к. Оразимбетова К.Ш., сыртқы пікір беруші М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Заманауи педагогика және психология» кафедрасының профессоры, пс.ғ.д. – Лекерова Гулсим Жанабергеновналардың қолдары қойылған.
- 34. Әліпбек Ардақ Зәуірбекқызы, Қойшиев Қалдан Елеувичтің «Басқару психологиясы» атты оқу-әдістемелік құралы (6,7 баспа табак)** Пікір бергендер: Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті, «Психология» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к. М.Е. Сыдықов, сыртқы пікір берушілер М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Заманауи педагогика және психология» кафедрасының профессоры, пс.ғ.д. – Лекерова Гулсим Жанабергеновна және

«Психология және арнайы педагогика» кафедрасының доценті, п.ғ.к. Нұрбекова Аида Муратбековна

35. Битұрсын Ғ., Исабеков А., Мадалиева А., Тулегенов Г., Исатаева Г., Канаева А «Құқықтық мемлекет: Жемқорлықсыз қоғам қалыптастырудың конституциялық-құқықтық әдістемесі» Оқулық. 188 бет. Оқулықтың мазмұны еліміздің бірнеше жетекші ЖОО-ның студенттері арасында және Шымкент қаласындағы мемлекеттік мекеме қызметкерлері арасында өткізілген семинар-тренинг нәтижелері мен жүргізілген сауалнама көрсеткіштерін қамтиды. Пікір жазғандар: Кенжалиев З.Ж. – Заң ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық» кафедрасының меңгерушісі; Кошпенбетов Б.М. – Заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, «Құқықтану» кафедрасының меңгерушісі; Пошанов Н.Н. – PhD доктор, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, «Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы; Анарбаев Қ.С. – Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, ОҚМПУ Рухани жаңғыру және тәрбие бөлімінің басшысы

5. ШЕШІМ:

1. Университет профессор-оқытушыларының баспадан шығаруға ұсынылған оқу құралдары және оқу-әдістемелік құралдары баспаға ұсынылсын.

2. . Битұрсын Ғ., Исабеков А., Мадалиева А., Тулегенов Г., Исатаева Г., Канаева А авторлықтарымен дайындалған «Құқықтық мемлекет: Жемқорлықсыз қоғам қалыптастырудың конституциялық- құқықтық әдістемесі» атты оқулық Ғылыми Кеңеске ұсынылсын.

Төрайым

Исабек Б.Қ.

Хатшы

Айтбаева А.Е.